

**«БЕКІТЕМІН»  
ҚР БФМ «Ұлттық ғылыми-  
практикалық дene тәрбиесі  
орталығы» РМҚК  
Бас директоры**



**С. Садықов  
2023 ж.**

**«БОЛАШАҚҚА – БІЛІМДІ ҰРПАҚ» 1- 10 СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ СПОРТТЫҚ ЭСТАФЕТАНЫ  
ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ  
(ұлдар-қыздар)**

**Атырау қаласы  
2023 жыл**

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Спорттық - интеллектуалдық эстафета (бұдан әрі - Эстафета) оқушылар арасында спорттық іс-шараларды үйымдастыру және өткізу қағидалары негізінде: мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландырылуын айқындайды.

## II. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Спорттық - интеллектуалдық эстафетаның мақсаты – оқушыларды дene шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту.

- мектеп оқушыларының физикалық, психологиялық, ақыл-ой өрісінің дамуын жетілдіру.
- жалпы білім беретін пәндердің инновациялық компьютерлік технологияларын қолдана отырып, дene шынықтыру және спорт бөлімдерін меңгеру
- оқушылардың интеллектуалдық, эмоционалдық, психологиялық денсаулығын нығайту.
- дene бұлшықеттерін, икемділік, жылдамдық, шыдамдылық күшін нығайту және дамыту, салауатты өмір салтын насиҳаттау.
- оқушылар арасында дўстық қарым-қатынас орнату, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, жеке тұлға ретінде қалыптастыру.

## III. ЭСТАФЕТАНЫҢ ӨТКІЗІЛУІНЕ БАСШЫЛЫҚ ЕТУ

Эстафетаны үйымдастыруға және тікелей өткізуге жалпы басшылықты КР ОАМ «Ұлттық ғылыми – практикалық дene тәрбиесі орталығы» ( бұдан әрі- ҰҒПДТО) жүзеге асырады.

Эстафетаның мектепшілік және аудандық/қалалық іріктеу кезеңдерін өткізуге жауапкершілік аудандық және қалалық білім бөлімдеріне, спорт бөлімдеріне және білім беру үйымдарының басшыларына жүктеледі.

Эстафетаның финалдық кезеңін тікелей өткізу ҰҒПДТО бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Осы Ережені іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруді Атырау аймақтық дene тәрбиесі және спортты дамыту орталығы жүзеге асырады.

**Эстафетаны үйымдастыру комитеті:**

- жарыстарға қатысуға өтінімдер қабылдайды;
- жарыстарды өткізу кестесін анықтайды;
- кестеде көрсетілген мерзімнен бір ай бұрын жарыстардың өткізу кестесіне өзгерістер енгізеді;
- командалар мен қатысушыларды жарыстарға жіберу жөнінде комиссия құрады;

- Бас төрешілер алқасы, спорттық- интеллектуалдық эстафета бойынша төрешілер алқасының құрамын жасақтайды;
- жарысқа қатысушылардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеді.

#### **IV. ЭСТАФЕТАНЫҢ ИРІКТЕУ КЕЗЕҢДЕРІН ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ**

Эстафета төрт кезенде өткізіледі:

- **1 кезең: мектепшілік іріктеу** – сыныптар арасындағы эстафета.

Мектепшілік іріктеу кезеңінің мақсаты:

- мектеп құрама командасын қалыптастыру, мектеп деңгейінде жеңімпаздарды анықтау (мектеп біріншілігі).

Мектепшілік кезеңін сынып – командалар арасында спорттық жарыстарды үйымдастыру мен өткізуіді білім беру үйымдарының басшысы үйлестіреді.

- **2 кезең: аудандық / қалалық** – қалалық, аудандық мектептер арасындағы эстафета.

Аудандық/қалалық іріктеу кезеңінің мақсаты:

- аудан, қала деңгейінде жеңімпаздарды анықтау.

Жарысқа қатысуға өтінім берген командалар айналым жүйесі бойынша ойнайды. 1 - орын алған командалар эстафетаның 3 кезеңіне жіберіледі.

- **3 кезең облыстық** – эстафета екінші кезеңінде жеңімпаздары арасында өткізіледі.

Облыстық кезеңін өткізу мақсаты:

- облыстық деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау (*облыс біріншілігі*)

Облыстық кезеңде аудандық және қалалық командалар арасында спорттық жарыстарды үйымдастыру мен өткізуіді Білім басқармасы үйлестіреді.

(*облыстық кезеңге қатысушылар ҰҒПДТО [www.nnprcfk.kz](http://www.nnprcfk.kz) сайтында тіркеледі*).

- **4 кезең республикалық** – финалға үшінші кезең жеңімпаздары арасында өткізіледі.

#### **V. ЭСТАФЕТАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ**

«Болашаққа - білімді ұрпақ» 1-10 сынып окушылары арасында республикалық спорттық-интелектуалдық эстафета 2023 жылғы 11-15 желтоқсан аралығында Атырау қаласында, «Атырау» дene шынықтыру – сауықтыру кешенінде өткізіледі.

Уақыты	Іс-шаралар	Орны
11 желтоқсан 15.00	Командалардың келу күні, командаларды орналастыру, тіркеу, мандаттық комиссиядан	Атырау аймақтық дene тәрбиесі және спортты дамыту орталығының ғимараты
12	Эстафета ойындарының	

желтоқсан 9.00-17.00	топтық кезеңі	«Атырау» дene шынықтыру – сауықтыру кешенінде өткізіледі.
10.00-10.30	Эстафетаның ашылу кезеңі	
13 желтоқсан 09:00-17:00	Эстафетаның финалдық кезеңі	«Атырау» дene шынықтыру – сауықтыру кешенінде өткізіледі.
14 желтоқсан 16:00-17.00	Эстафетаның жеңімпаздары мен жүлдегерлерін салтанатты марапаттау рәсімі	Атырау» спорт кешені
15 желтоқсан	Командалардың кету күні	

## VI. КОМАНДА ҚҰРАМЫ

№	Қатысушылар	Жетекшілермен оқушылар саны
1	1-10 сыныптар арасында	1 ұл, 1 қыз.
2	Барлық оқушылар саны	10 ұл, +10 қыз.
3	Жаттықтырушы	1 адам
4	Өкіл	1 адам
5	Төреші	1 адам
	Барлығы	23 адам

## VII. ЭСТАФЕТАНЫ ӨТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ

Сақтандыруға жауапты – білім басқармасының басшылары, дene шынықтыру мұғалімдері. Жарыс кезінде спортшылардың денсаулығы мен жол қозғалысы қауіпсіздігі үшін жауапкершілік команда өкілдеріне, дene шынықтыру педагогтері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- сапта бірінші болып сыннып бойынша ұл, қыз бастап тұрады;
- әрбір оқушының кеудесінде сыннып нөмірі болуы қажет;
- команда құрамы бірдей спорттық формамен қатысуы тиіс;

Спорттық жарыстар кезінде дene шынықтыру педагогы, команда өкілі және өзге де адамдар алаңға шықпайды.

Спорттық-интеллектуалдық эстафета 10 ұпайлық шкала бойынша бағаланады, ойында әрбір қате үшін 1 ұпайдан алынады.

Әрбір команданың бірыңғай спорттық формасы болуы тиіс. Команда жанында эстафета кезінде өтінімде көрсетілген 1 өкіл, 1 жаттықтыруши спорттық формада болуы тиіс, ережені бұзғаны үшін ойын алаңынан шығарылады. Команда өкілі команда атауы көрсетілген штандартты қолдарында ұстайды. Осы шарттарды сақтамағаны үшін командадан 1 ұпай алынады.

Команданың ресми өкілінен басқа спорт алаңына немесе төрешілердің жанына бөгде адамдар келсе, әрбір бұзушылық үшін 1 ұпай алынады.

Команданың әрбір қатысушысының сақтандыру полисі болуы тиіс. Сақтандыру полисі болмаған жағдайда қатысушы ойынға жіберілмейді.

Эстафетаны старт беру сзығында эстафетаның кезекті қатысушысының қолымен тиу арқылы беріледі.

Ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз деп жарияланады.

Шағымдарды команда өкілі жазбаша түрде командасының ойыны аяқталғаннан кейін 15 минут ішінде бере алады.

### VIII. ЭСТАФЕТАҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

Эстафетаға қатысу үшін өтінімді он күн қалғанда [nppcfksport@mail.ru](mailto:nppcfksport@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі.

Эстафетаға қатысу үшін команда өкілдері келесі құжаттардың түп нұсқасын мандаттық комиссияға тапсырады:

- медициналық мекеменің және білім беру мекемесінің немесе аймақтық денне тәрбиесі орталығының мөрімен куәландырылған әрбір тегі бойынша дәрігердің рұқсатымен тіркелген өтініш (қосымша 1);
- білім басқармасының бұйрығы, қатысушылардың тізімі және жауапты өкілдің аты-жөні;
- жеке куәлігі (16 жастан бастап) немесе туу туралы куәлігі (түпнұсқа);
- мектеп директорының (БЖСМ) қолы және мөрі қойылған фото-суреті бар мектептен алынған анықтама (қосымша 2);
- жарыстың әр қатысушысына сақтандыру;
- осы аталған құжаттар жоқ командалар жарысқа жіберілмейді, қатысушының өтінімде көрсетілмегені анықталса, команда жарыстан алынады.

### IX. НАРАЗЫЛЫҚ

Наразылықты бас төрешілер алқасына (бұдан әрі БТА) команда өкілі, педагог немесе жаттықтыруши жарыс аяғынан кейін 1 сағат ішінде өңірлік денне шынықтыру орталығы басшылығының келісімі бойынша жазбаша нысанда береді.

Жарыс нәтижелерімен келіспеген жағдайда команда капитаны хаттамаға қол қоймауга құқылы және наразылықты БТА-нің қарауына береді.

БТА наразылықты оны бергеннен кейін 1 сағат ішінде қарайды және өтініш берушіге тексеру нәтижелерін жазбаша хабарлайды.

Командалар қалыптастыру ережелерінің бұзылғаны, өтінімді дұрыс ресімделгенін расталған жағдайда мектеп командасы жарыстан шығарылады. Бас төреші жаттықтырушының, дene шынықтыру мұғалімінің немесе құрама команданың іс-әрекеттеріндегі бұзушылықтар туралы білім басқармасына хабарлайды.

## X. МАРАПАТТАУ

Эстафетаның жеңімпаз команда мен жүлдегерлері жарыстың төртінші кезеңінің қорытындысы бойынша анықталады.

Төртінші кезеңнің финалдық жарыстарында 1,2,3,3 (екі үшінші орын) орын алған командалар ҰФПДТО дипломдары, кубоктары және медальдарымен марапатталады.

## XI. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Эстафетаның бірінші, екінші және үшінші кезеңдерінің шығындарын аудандық, қалалық, облыстық білім беру басқармалары көтереді.

Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және команда өкілінің шығыстары (қонақ үй, тамақтану, тәуліктік жол жүру, бару-қайту жолы) жіберуші мекемелер есебінен.

Эстафетаның 4 кезеңін өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медаль, кеңсе тауаралын және баннерлерді дайындау;
- төрешілер, дәрігерлердің және қызмет көрсетушілердің еңбек ақысын төлеу;
- спорт кешендермен автокөлікті жалға алу ҰФПДТО есебінен.

### Ұйымдастыру алқасы:

ҚР ОАМ ҰФПДТО өкілі: Н. Бекмұрат (87714244938);

Атырау аймақтық дene тәрбиесі және спортты дамыту орталығының дene тәрбиесінің бас жаттықтырушысы: Фабитова Алтын Фабитқызы (87751862578).

**«Болашаққа – білімді ұрпак» 1-10 сынып оқушылары арасында  
республикалық спорттық-интеллектуалдық эстафетасына қатысу үшін  
берілетін  
ӨТІНІШ**

Қала, облыс \_\_\_\_\_

(мектеп атаяуы)

p/c	Қатысушының аты жәні	Тұған жылы	Сыныбы	Дене тәрбиесі мұғалімінің аты-жөні	Дәрігерлер рұқсат етуі (қолы, мәрі)

М.О

Дәрігер \_\_\_\_\_ (қолы, мәрі)

**Білім беру бөлімінің басшысы** \_\_\_\_\_  
(А.Т.Ә., қолы, мәрі)

«\_\_\_» \_\_\_\_ 20\_\_ г.

«Болашаққа – білімді ұрпақ» 1-10 сынып оқушылар арасында  
республикалық спорттық-интеллектуалдық эстафетасына  
қатысушының  
**ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

М.О.

(мектептің мәрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Мектептің атауы \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Туган жылы \_\_\_\_\_

Оку орны \_\_\_\_\_

Мектеп директоры \_\_\_\_\_

(А.Т.Ә., қолы, мәрі)

**«Болашаққа-білімді ұрпақ» 1-10 сынып оқушылары арасында  
республикалық спорттық – интеллектуалдық эстафетаны өткізу  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1 сынып**

**Спорттық тапсырма:** қатысушы матадан жасалған туннельден өтіп, кеглидің арасымен жүгіріп, компьютерге дейін барады.

**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орынданап, эстафетаны қыз балаға береді.

**2 сынып**


**Спорттық тапсырма:** ұл бала 15 метр ара қашықтықта велосипедпен белгіге дейін барып, сонаң соң компьютерге дейін жүгіріп барады.

**Ителлектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орынданап, эстафетаны қыз балаға береді.

**3 сынып**

**Спорттық тапсырма:** ұл бала «Лабиринт» кедергісінен өтіп шығып, компьютерге дейін жүгіріп барады.



**Интеллектуалдық тапсырма:** ұл бала компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орынданап, эстафетаны қыз балаға береді.

**4 сынып**

**Спорттық тапсырма:** ұл бала гимнастикалық секіртпемен (скакалка) басынан бастап аяғынан айналдыра секіріп, ортадағы сзызыққа дейін жүгіріп барады, кейін секіртпені шығыршықтың (гимнастикалық обруч) ортасына тастанап, компьютерге дейін жүгіріп барады.

**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында төрт көрсетілген екі таңбалы сандарды есте сақтап, (мысалы: 49, 53, 85, 96 т.б) дұрыс жауабын көрсетеді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала қапшықты беліне дейін киген күйінде командастына секіріп қайтып, эстафетаны қызға береді.

### **5 сынып**

**Спорттық тапсырма:** ұл бала самокатты тебе отырып, кеглидің арасымен өту арқылы белгіге дейін барып, компьютерге дейін жүгіреді.

**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында үш көрсетілген үш таңбалы сандарды есте сақтап, (мысалы: 473, 572, 584, т.б.) дұрыс жауабын көрсетеді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала тапсырма кері қарай өзгеріссіз орынданап, эстафетаны қыз балаға береді.

### **6 сынып**

**Спорттық тапсырма:** ұл бала хоккей клюшкісімен допты кеглилердің арасымен жылжытып, клюшкі мен допты шығыршықтың (гимнастикалық обруч) ішіне салады да, компьютерге дейін жүгіріп барады.

**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала баскетбол добын кеглидің арасымен жерге соға жүгіріп, допты шығыршықтың (гимнастикалық обруч) ішіне салады да, эстафетаны қыз балаға береді.

### **7 сынып**

**Спорттық тапсырма:** ұл бала гимнастикалық матыға дейін жүгіріп барып, 2 рет баспен алға қарай домалап, содан кейін спорттық снарядтан «Ағаш аттан (козелдан) секіреді де, компьютерге дейін жүгіріп барады.

**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** тапсырма кері қарай өзгеріссіз орынданап, эстафетаны қыз балаға береді

### **8 сынып**

**Спорттық тапсырма:** ұл бала футбол добын кеглидің арасымен аяғымен алға жылжыта теуіп, допты қолмен шығыршықтың ішіне салады, содан кейін компьютерге дейін жүгіріп барады.



**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңdap, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** баскетбол добын жерге соға жүгіріп келіп, бір мәртеден себетке (кольцо) дәл түсіру керек, эстафетаны қыз балаға береді.

### 9 сынып

**Спорттық тапсырма:** ұл бала ләнгіні бір мәртеден 5 рет аяқпен тебеді, содан кейін бір қатарда құрылып тұрған асықты бірінші тигізгенге дейін үш мәрте атады да, компьютерге дейін жүгіріп барады.

**Спорттық тапсырма:** қыз бала еденде жеті шаршыдан сызулы тұrған «классик» ойынының үстімен секіріп, бірінші шаршыға бір аяқпен секіріп, содан кейін екінші қатардағы қос шаршыға екі аяқпен тең түсіп, дәл осылай қалған шаршылардан өтіп шығып, содан кейін бірден онға дейін сызулы тұrған шаршы классик ойынын бір аяқпен, макты бірінші шаршыдан, бесінші шаршы аралығында жылжыту арқылы ойнап шығады да, компьютерге дейін жүгіріп барады.



**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңdap, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді.

**Спорттық тапсырма:** ұл бала тапсырманы кері қарай өзгеріссіз орындаپ, эстафетаны қыз балаға береді.

### 10 сынып

**Спорттық тапсырма:** Мәреде әскери камуфляж формасымен тұrған ұл бала газтұмылдырғышты киіп, үстелге жүгіріп келеді, газтұмылдырғышты шешіп

сөмкеге салады да, Калашников автоматын бөлшектеп, содан кейін компьютерге дейін жүгіріп барады

**Интеллектуалдық тапсырма:** компьютердің мониторында көрсетілген ұяшықтағы бір нөмерді таңдап, жалпы білім беретін пәндер бойынша сұраққа дұрыс жауап береді

**Спорттық тапсырма:** ұл бала тапсырманы кері қарай өзгеріссіз орынданап, эстафетаны әскери камуфляж формасымен тұрған қыз балаға береді.

**Ескерту:** Жарысқа 1-10-шы сыныптардан 1ұл, 1 қыздан қатысады.

Барлығы: 10 ұл, 10 қыз қатысады.

Эстафетаны бірінші болып ұл балдар бастайды.

10- сынып әскери далалық киіммен қатысу тиіс.